

**«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі бойынша коуч сессия
ЖОСПАРЫ.**

География пәнінің мұғалімі:Искакова Л.М.

№	Сабақтың тізбегі	Оқыту үшін бағалауда оқушылардың өзін-өзі бағалау түрлерін пайдалану
1	Жалпы мақсаты	Коуч сессия қатысушыларына «оқуды бағалау»(суммативті бағалау) және «оқыту үшін бағалау» (формативті бағалау), критериалды бағалау түсініктерін қалыптастыру, формативті бағалаудың оқыту үшін тиімділігін үйрету.
2	Күтілетін нәтиже	Коуч сессия қатысушылары формативті бағалаудың күнделікті сабақта пайдалану арқылы оқу үрдісін жақсарту, оқушыларды оқытуға жетелеу
3	Түйінді идеялар	Формативті бағалау, суммативті бағалау
4	Материалдар және ресурстар	компьютер, проектор, оқулық, түрлі-түсті маркер, үлестірмелі қағаздар, А4 и А3 форматтағы ақ қағаздар, стикерлер

Сабақтың барысы		
Коуч сессияны өткізу этаптары	Мерзімі	Мұғалім және коуч қатысушылардың іс-әрекеттері
Сәлемдесу	1 мин	Коуч тақырыппен таныстырады.
Сергіту сәті (таныстыру)	2 мин	Серіктестік орта құру. Коуч қатысушыларды шеңбер бойына тұрғызып мотивация кезеңін орындату. Басқа қатысушылар оны жалғастырады. "Мен Жұлдыз жаңашылмын", Мұғалім бір шарды алып өзінің бойындағы бір қасиетті айтып бір қатысушыға береді. Ол соған өзі жайлы қосып айтады. Қатысушылар аяқталғанша осылай жалғаса береді.
Шағын топқа бөлу	5 мин	Коуч қатысушыларды 3 шағын топқа бөледі. Ол үшін Наурыз мейрамы қарсаңында «Шашу» шашып бірдей кампитпен бөлінеді. Топ ұстанымын құрғызып, коуч қатысушыларды жауапкершілікке шақыру. Әр шағын топ бірлесе отырып, өз топ ережелерін құрып, таныстырып, тұстарына іледі.
Түйінді идеялар Бейнематериал көрсету	3 мин	Оқу үдерісін бағалау қажет пе? Сіз сабақта нені бағалайсыз? Сыныпта жағымды ахуалды қалыптастыру үшін Сіз қандай бағалау түрлерін пайдаланасыз? Бейнематериалдан оқушыларды бағалауда мұғалім әрекеті қалай болды? Сіздің тәжірибеде осындай жағдайлар кездесе ме? Сіз оқушыларыңызды қалай бағалайсыз?

Жеке жұмыс Теориялық таныстырылым Топтық жұмыс	2 мин	«Дейін, кейін» арқылы бағалаудың өзіңіз қолданатын түрлерін стикерлерге жазып түсіндіру Бағалауды іске асыру үшін сабақтың мақсатының дұрыс қойылып, табыс критерилерін анықтау.Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, критерилерді айқындау.кері байланыс жасау Өлең жолдарын әр топқа тарату, мәнерлеп оқыта отыра бағалату.
Рефлексия Топтық жұмыс	5 мин	Коучке сұрақтар: Сізге неліктен бұндай баға қойылғаны түсінікті ме? Сізге қойылды... Неге? Сіз жаныңызда отырған әріптесіңізге баға қою кезінде неге көңіл аудардыңыз? Жұмысты бағалау қиын болдыма? Сіздің бағалауыңыз қандай қиындықтар туындатады? Сіздің бағалауыңыз қандай аспектілерді қамтиды? Сіздің оқушыларыңыз не үшін және неге баға алғандығын түсінеді ма? Берілген өлеңге критерии дайындау Критерии дайындау қиыншылық туындатты ма? Оқушыны бағалауда критериилер ынталандыра ма? Қалай?
Жағдаят «Табыс»	2 мин	2 мұғалімді сыртқа шығарып, қалған қатысушылармен олардың біреуінің киіз үйді салуын мадақтап, екіншісінікін төмендетуге келісіп алынады. Қорғаушылар және сынаушылар, бағалаушылар (критерии дайындайды) Сұрақ: мадақтау арқылы қалай оқушының нәтижесіне әсер етуге болады деп ойлайсыздар?
Сергіту сәті:	3 мин	Ән шырқау. Әнді барлығы бірге дауысын шығарып, шығармай айту
Рефлексия	2 мин	Формативті бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек» стратегиясына сүйене отырып топтың ең жақсы жетістігі және жіберген кемшілігіне ұсыныс айту.
Қорытындылау	5 мин	Коуч сессия қатысушыларға сабақ соңында постердің «кейін» бөлігін толтырып қорғау. Коуч сессияны талқылау, стикерлерге кері байланыс жаздыру. «Шынжыр» әдісі бойынша двмытушылық жұмыс

		жүргізу
--	--	---------